Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б145-146

ҚОЯН ТЕРІСІНІҢ ТАУАРЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОҒАН ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Нурманова Б.

Қоян терісі өзінің тауарлық қасиеті бойынша тек тұқымына қарай ғана емес, сондай-ақ жасына, сою мерзіміне, күтіп-бағу жағдайына және бастапқы өңдеу сапасына қарай бөлінеді.

Шикізаттың сапасын анықтайтын негізгі қасиеттеріне мыналар жатады: терінің әр түрлі учаскесіндегі жүн талшықтарының қоюлығы, жүн талшығының ұзындығы, оның серпімділік қасиеті, тері аумағы, жүн талшығы мен тері ұлпасының беріктігі, тері ұлпасының қалыңдығы, жүнінің түсі, оның тозуға беріктігі, жылу сақтағыш қасиеті, қоянның тірі кезіндегі және өлгеннен кейінгі терісінде болатын ақаулар.

Жоғарыда аталған қасиеттер қоянның тұқымына, терінің сұрыпына және басқа да факторларға қарай өзгереді.

Мысалға: қоянның шиншилла тұқымының 1 см^2 тері аумағындағы жүн талшығының санын (мың дана) сұрыптауы бойынша алатын болсақ:

1 кесте - Коянның шиншилла тұқымының 1 см^2 тері аумағындағы жүн талшығының саны

Сұрыптау	Санында	Жон арқасында	Бүйірінде
1	17,2	11,2	7,7
2	16,0	8,1	6,7
3	7,2	7,2	3,4

Терінің әр жеріндегі жүннің ұзындығында да айырмашылық бар. Мәселен, санында жүннің орташа ұзындығы 100% деп алатын болсақ, онда арқа жотасында – 94 %, желкесінде – 75, бүйірінде – 91 және бауырында - 85 %.

Қоян жүнінің түбіт талшығының беріктігі биязы жүнді қойдың түбіт талшығының беріктігінен 2,5 есе жоғары, ал ондатрдың қылшықты талшығы, қоянның қылшықты талшығына қарағанда, есе жоғары, ал ондатрдың қылшықты талшығы, қоянның қылшықты талшығына қарағанда, 3 еседен астам жүкке төтеп береді.

Сондай-ақ өңдеу кезінде қоян терісінің негізгі аумағы 3-тен 12 дм^2 дейін ауытқиды. Яғни өңдеу барысында тері аумағының кішіреюі 20% болады.

Осылайша қоян терісінің тауарлық қасиеттеріне әсер ететін факторларды талдау оның сапасын жақсарту шараларын әзірлеудің негізгі шарты болып табылады.

Ғылыми жетекшісі, а.ш.ғ.к, доцент С.Захан